



# ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 30/674

24 июля 2020 года

## Вестник

### О ПОВАЛЬНОМ БЕСКУЛЬТУРЬЕ КАЗАХСТАНЦЕВ В МЕСТАХ ОТДЫХА ВЫСКАЗАЛСЯ ТОКАЕВ

Президент РК Касым-Жомарт Токаев прокомментировал ситуацию вокруг озера Кобейтуз, передает Kazpravda.kz.

*"Продолжается повальное бескультурье граждан в местах отдыха на природе. Справедливое возмущение вызвал фактически необратимый урон, нанесенный нашими соотечественниками уникальному "розовому" озеру Кобейтуз. Эти негативные факты вновь обнажили проблему экологического просвещения подрастающего поколения. Министерства образования, экологии, информации должны рассматривать эту задачу как приоритетную", - написал Глава государства в своем Твиттер-аккаунте.*

Напомним, накануне стало известно, что для посетителей закрыли розовое озеро



Кобейтуз, которое находится недалеко от Нур-Султана. Аким района Абай Альжанов сообщил, что причиной закрытия озера послужил прирост Covid-19 в районе.

Сообщалось, что озеро начало пользоваться популярностью у туристов. Приезжающие на отдых люди оставляли после себя мусор и вывозили оттуда соль. Некоторые даже продавали ее в социальных сетях, рекламируя как средство от коронавируса.

*Справка. Кобейтуз – небольшое озеро, расположенное недалеко от города Ерейментау. озеро приобретает розовый цвет раз в несколько лет. Озеро становится розовым из-за морских микроводорослей дуналиелла, того же вида, что водятся в розовых озерах Испании, Канады и Австралии.*

Источник: www.kazpravda.kz

### КОБЕЙТҮЗДАҒЫ КЕЛЕНСІЗ КӨРІНІС ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЖЕТТІГІН КӨРСЕТТІ

Биыл жаһанды жайлаған індет туризм секторына да өз «гүзетуін» енгізді. Жаз маусымында жағажай іздеп, қиырға кетіп қалатын қазақстандықтар осы бір карантиндік шектеу шараларынан кейін амалсыз алысқа ұзай алмай отырғаны ақиқат. Десе де ірі шаһарлардың шетіндегі табиғаттың әсем мүйістері жетерлік.

Қазіргі қалыптасқан ахуал қазақ жеріндегі осы іспетті орындардың танымалдылығын арттыра бастады. Соның бірі – Ақмола облысының Ерейментау ауданында орналасқан Кобейтуз көлі. Оқшауланып отырған отандастарымыз бір сәт көлігіне бала-шағасын тиіп алып тартып кететін табиғаттың тыныш орындарын қарастырғанда, әлем-жәлем әлеуметтік желіге жүктелген қызғылт көлі бар Кобейтуздың көркем көрінісі көлбең ете қалғаны сол еді, бұйығы жатқан бірегей көлдің басы әп-сәтте жәрмеңкеге айналып жүре берді. Әттеген-айы, әлгі бір әдемі жерге барған отандастарымыздың оспадар әрекеті болып тұр.

Кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев осы мәселеге назар аударып, твиттердегі парақшасына жанашыр сөз жазды.

*«Азаматтардың табиғи демалыс орындарындағы жаппай мәдениетсіздігі тоқтамай тұр. Отандастарымыздың ерекше қызғылт түсті «Кобейтуз» көліне келтірілген орасан зор зиянға қатысты алаңдаушылығы орынды. Бұл жағымсыз әрекеттер өскелең ұрпаққа жүргізілетін экологиялық ағарту жұмыстарының түйткілдерін ашып берді. Білім, Экология, Ақпарат министрліктері бұл мәселені жұмыстарының басым бағыты ретінде қарастыруы керек», - деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.*

Расында, көпшіліктің қаладағы қапас үйде қамалып отырмай, қашықтағы көлге барып тынығуы құптарлық болғанымен, соңында үйме-жүйме қоқыс қалдырып, кең дала төсін кезіп, жосықсыз ластауы қоршаған ортаға бейжай қарамайтын барша қауымды алаңдата бастаған болатын. Тіпті жағалауда, су бетінде ұшқан целлофан пакеттерді былай қойғанда, көлдің ортасына көлігімен қойып кеткен бейбастақ әрекетті қалай кешірерсіз...

Сондай-ақ минералды тұзды қапқа

салып, қалаға әкеліп саудалап жүргендер де баршылық.

Президенттің пәрменді пайымы «келінім, саған айтамын, қызым, сен тында» деген халықтық парасатпен ұшғасып тұр. Өйткені «өзімің мініме құлағым керең, өзгенің мінің қырымнан көрем» дегендей, өз мінімізді өзіміз көре бермейміз. Сондықтан да болар, қазір көрікті Көкшенің қойнауындағы көлдердің жағасы да, анау Алакөлдін шығысы мен батысындағы қос жағалауы да, одан өзге қазаққа Құдай сыйлаған қаншама жапап табиғат аясы қоқысқа толы. Әлбетте, суалмайтын суат, тартылмайтын бұлақ, құрамайтын құрақ жоқ. Сондықтан қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан көзқарасты түбірімен өзгерту қажет. Бұл ретте қазақтың байырғы экологиялық санасынан алатын тәлім мол. Жайлаған қонысын сарыжұрт қылмай, көшіп-қонған елдің малы да, жаны да аяулы табиғаттың берген сыйын бағалай білетінді. Бүгінде урбанизацияланған халықтың санасындағы көне қолты оятудың бір жолы осы бабалар қағидасын болмысымызға сіңіру болса керек.

Ал дүйсенбіден бастап карантин уақытына байланысты кіре берісіне шлагбаум қойылған Кобейтуз көлі енді ерекше қорғалатын табиғи аймаққа айналмақ. Бұл туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте еліміздің Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев мәлімдеді. Бұған дейін министрлік Кобейтуз көлін қорғау бойынша алғашқы шараларды қабылдаған екен. Министрлік мамандарының айтуынша, көлден алынған сынама кәдімгі қарапайым ас тұзымен бірдей екенін көрсеткен. Сондай-ақ қоғамдық бақылау кеңесі құрылып, еріктілер мен құқық қорғау органдарының арасынан көлді тексеретін топ құрылады. Қазір Экология министрлігі жағдайды талдап, қосымша шаралар әзірлеуде.

Министрдің айтуынша, көлдер мен басқа да табиғи нысандарда болудың белгіленген тәртібін, санитарлық нормалар мен экологиялық заңнаманы бұзушылар жазаланады, айыппұлдар артады, занбұзушылық үшін жауапкершілік күшейтіледі. Бүгінде Әкімшілік кодекстің 505-бабына сәйкес («Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру, сондай-ақ инфра-

құрылым нысандарын қирату, қаланың және елді мекендердің жасыл көшеттерді бұзу және бүлдіру») баптарына сәйкес) Кобейтуз көліндегі стихиялық қоқыс үшін бірнеше адам жауапқа тартылды.

– Сондай-ақ экологиялық бекеттер құру жоспарлануда. Бірақ осы бірегей көлге құмартағындар саны артуда, – деді Мағзұм Мырзағалиев. – Демек, жалпы алғанда, ең алдымен, азаматтарға мұндай жерлерде жүріп-тұру ережелерін түсіндіру және экомәдениетті көтеру, тұзды өзімен бірге алып кетуге болмайтынын, оның ешқандай емдік қасиеті жоқ екенін, ал көл туристердің осындай әрекеттерінен жойылып кетуі мүмкін екенін түсіндіру қажет. Сондай-ақ біз қоғам белсенділерін, экологтерді, экobelсенділерді осы жұмысқа жұмылдырмақпыз».

Ведомство басшысы атап өткендей, бұл елдегі басқа да табиғи нысандардағы жағдайларға, оның ішінде Ақтаудағы итбалықтарды ұрып-соғу, Бурабайдағы тау болып үйілген қоқыстар, Алматы маңындағы Первомайский тоғанындағы Қызыл кітапқа енген лотос өсімдігін жұлып алып, Инстаграмда қуана жариялаған жағдай, қоқыс тастау, жерошақта от жағу, сонымен қатар бірегей Кобейтуз көлінен тұз алып кетіп сату деректері министрлік өкілдерінің алаңдаушылығын туғызуға.

«Айыппұлдардан басқа, халыққа үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру керек. Ересектер өздері балаларға табиғатты аялауды үйретіп, үлгі болуы керек. Тағы да барлық қазақстандықтарды қоршаған ортаға қамқорлық жасауға шақырамын. Біз елдегі кез келген табиғи нысанның жанына инспектор қоя алмаймыз. Жалпы, халықтың экологиялық мәдениетін жақсарту керек. Әрине, бұл бір күндік жұмыс емес. Бірақ біздің министрлік мұндай түсіндірулерді қоғамда белсенді түрде насихаттайды. Бұқаралық ақпарат құралдарына осы іске қосқан елеулі үлесі үшін алғыс айтамын. Болашақта да насихат жұмыстары жағынан сіздердің бізді қолдайтындарыңызға сене-

міз. Бұл жұмыстарға жергілікті әкімдіктер де белсене қатысады деген ойдамыз. Бұған бүкіл қоғамның бірлескен күш-жігері қажет. Жоғарыда айтқанымдай, бәрі бала кезден бойға сіңірілуі керек. Сол себепті де Президент Қасым-Жомарт Токаев мектептерде экологиялық мәдениет пәнін енгізуді ұсынды», - деп түйіндеді М.Мырзағалиев.

Қазақстанда экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін айыппұл көлемі артады. Тиісті шаралар жаңа Экологиялық кодекс жобасында қарастырылған. Ұлттық парктар мен демалыс аймақтарындағы рейдтерге Экология және Ішкі істер министрлікте-



рінің өкілдері, сонымен қатар экологтер, қоғам белсенділері, еріктілер және құқық қорғау органдары қатысады.

«Қазір министрлік ұлттық парктар мен демалыс аймақтарына қоғамдық рейдтер жүргізуде. Бұл жергілікті жерлердегі қоршаған ортаны қорғау бойынша жағдайды бақылауға және қажетті шараларды жедел қабылдауға септігін тигізеді. Ең бастысы, заң бұзушыларға жаза қолдануға мүмкіндік береді. Алайда жағдайды өзгерту үшін халықтың экологиялық мәдениетін көтеру қажет», деді министр.

*P.S. Қуниығыс елінде балдырғандарды балабақшадан бастап қоқыс тастамауға тәрбиелейтін тамаша көрініс бар. Яғни әр балақайдың сөмкесінің қос қапталында кішкене қалақ пен сыпыртқы жүреді. Олар бүкіл қоқысты тазалап тастамас. Бірақ бала кезінен санасына қоқыс қалдырмауды сіңіреді. Бізге де осы іспетті бір тәрбие құралдары керек-ақ...*

Дерек-көз: www.egemen.kz



Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл

## АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА



Жуырда Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының мұрындық болуымен әлеуметтік желілер арқылы «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты қалалық онлайн байқау өтті.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген онлайн байқауға бірнеше сайыскер қатысып, ақынның шығармаларын мәнерлеп оқыды. Байқау Абай

мұрасын дәріптей отырып, көпшілік арасында мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Байқау қорытындысы бойынша үздік шыққан Бекзат Әбдікәрімовке Бас жүлде табысталды. Сонымен қатар, I орынды – Бейбарыс Жиенбай, II орынды – Қарлыби Айдархан, III орынды Қанағат Әбдірейім иеленді.

Ал, «Ең жас қатысушы» номинациясы Жасұлан Жақсылыққа, «Үздік мәнерлеп оқушы» номинациясы Наргиза Серікбаеваға берілді. Бұдан бөлек, байқауда белсенділік танытқан қатысушылар Алғыс хаттармен, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Онлайн іс-шаралар мұнымен шектелмейді. Жастар ресурстық орталығы алдағы уақытта да интернет-акцияларды ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

## ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



14 шілде күні "Zhas Project" жобасының үшінші кезеңі өтіп, 3 кезеңге өткен жобалар рандомизация арқылы (компьютерлік кездейсоқ іріктеме) іріктеліп, грант иегерлері анықталды.

Жалпы Приозерск қаласы бойынша 25 жоба жолданып, 3 кезеңнің қорытындысына сәйкес, жеңіске жеткен 8 жобаның әрқайсысы 1 000 000 теңгені құрайтын грантка ие болды!

Яғни алдағы уақытта қаламыздың 16 табысы төмен жастары және 12 жұмыссыз

жастары 5 ай әлеуметтік жобаны жүзеге асыра отырып, 40 000 және 60 000 теңге көлемінде шәкіртақы алатын болады. Жастар саясатын жүзеге асырудағы міндеттердің бірі NEET санатындағы жастармен тығыз жұмыс атқарып, жұмыссыз жастар санын азайту болып табылады. Сол себепті аталмыш жоба Қарағанды облысы әкімдігінің және Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен жүзеге асырылды.

Жастар ресурстық орталығы алдағы уақытта грант иегерлеріне жобаны іске асыру барысында кеңес беріп, қолдау көрсететін болады. Айта кететін жайт, бұл жобаны толығымен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі қаржыландырады.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

"Biz birgemiz: Taza Qazaqstan"

## ЖАСЫЛ ЕЛДІҢ ЖАРҚЫН ІСТЕРІ



9-16 шілде аралығында Приозерск қаласында "Biz birgemiz: Taza Qazaqstan" жалпыұлттық жобасы аясында "Қоқыс менікі емес, бірақ қала біздікі" атты акциясы ұйымдастырылып өткізілді.

Аталмыш акция аясында "Жасыл ел" еңбек жасақтары қала аумағын қоқыстан тазартты. Осындай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Экологиялық акцияның негізгі мақсаты - экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қала тұрғындарын тазалыққа шақыру болып табылады.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

## ХАЛҚЫНА ЖАҚЫН ӘКІМ

Жаһан жұртшылығын әбігерге салған пандемия бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызғандығы рас. Көлік атаулының қозғалысы шектелді, ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тиылды, алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады. Пандемия әкімдіктердің жұмысына да өз түзетулерін енгізді. Яғни, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерінің қашықтықтан жұмыс істеуі талап етілді. Бұл шешім халықпен кері байланыс жасауға кері әсерін тигізбей қоймады. Жеке қабылдаулар өткізілмей, халықпен жиындар мен кездесулер ұйымдастыруға тиым салынды. Сол себепті, әкімдіктер халыққа қарапайым, әрі тиімді механизмін ұсынуы талап етілді. Себебі, азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұн-мұқтажына жедел назар аудару - мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары болып саналады. Келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарастыруды ұйымдастыру қажет.

Осы орайда, халықпен кері байланыс орнату бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында, өңірлердің әкімдері әлеуметтік желілерде «Әкім сағаты» тікелей эфирін аптасына екі рет өткізуді жоспарлады. Приозерск қаласы әкімінің эфирі сейсенбі күні сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін және жұма күні сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін өтеді. Қала әкімі қала халқын толғандырған сұрақтарға жауап беріп, азаматтардың өтініштерін қабылдайтын болады. Қала әкімінің тікелей эфирде кездесу өткізу тәжірибесі Приозерск қаласына таңсық емес. Төтенше жағдай режимінің алғашқы күндерінен бастап қала



әкімінің және мемлекеттік органдардың басшыларының қатысуымен эпидемиологиялық жағдай, пандемия кезінде атқарылған іс-шаралар турасында бірнеше мәрте тікелей эфирде сұқбаттар жүргізілді. Тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып, мәселелер өз шешімін тауып жатты. Халқына жақын әкімге тұрғындар әлеуметтік желілерде алғыстарын жариялады. Осы арқылы тікелей эфирде әкімнің халықпен байланысуы халық арасында оң пікір тудырғанын байқаймыз.

Халық мемлекетке сеніп отыр, ал мемлекет болса осы сенімді ақтауға парыз. Яғни, халықпен кері байланысты орнатуды жоғары деңгейге көтеру – бірінші және соңғы емес қадамдар. Осымен тоқтамай аталған жұмыстар алдағы уақытта жалғаспақ. Бұның барлығы ел ертеңі үшін жасалған игі қадамдар екені анық.

Б. Кенжебеков,  
Приозерск қалалық қоғамдық Кеңесінің төрағасы

COVID - 2019

## НИЗКИЙ ПОКЛОН ВРАЧАМ

"Я, Адилова Толганай, жительница г.Балхаш. 03.06.20года назначили дату планового кесарево. За 2 недели до этой даты гинеколог попросила сдать тест на Covid-19, т.к. в роддом нужны результаты теста. 02.06.20года пришли результаты и они были положительными. Не поверила я этим тестам, т.к. никаких симптомов, т.е. головных болей, температуры, отдышки у меня не было. И муж и ребенок здоровы, и вроде бы не контактировала с больным человеком. 2-го числа меня положили в Центральную больницу г.Балхаш. Палата была отдельной от всех, на осмотр приходили врачи в масках, в очках, в перчатках и в костюмах. Сначала я думала зачем столько одевать на себя, я не больна никаким вирусом, и вообще не верила в этот Covid-19.

3-го числа, когда начали готовить операцию, врачи одевали на себя по 2 костюма, очки, маски, перчатки, мне стало страшно. И вот я на операционном столе, начали делать кесарево. Огромное спасибо врачам что благополучно провели операцию, что я и мой малыш живы и здоровы. Несмотря на то, что им было жарко, т.к. в этих костюмах тело не дышит (знаю это, т.к. мне одевали его когда водили на УЗИ и рентген после операции), в масках и очках потеет все лицо и врачам тяжело дышать в них. Операция была сложной. На первом ребенке при кесарево все перенесла гораздо легче, а тут и судороги были во время операции и после было тяжело, и дальше для восстановления потребуется не мало времени. После операции санитарки, примерно с 11.00 до 17.00 вечера, чистили операционную, стерилизовали. Они также были в двойных костюмах,

очках и в масках. Им было очень тяжело, вышли оттуда вспотевшие и уставшие. Санитарки каждый день убирались, проводили влажную уборку и кварцевание в моей палате. После окончания операции мне не дали даже обнять ребенка, т.к. тест у меня положительный. Мой малыш лежал в соседней палате и питался смесью. У



малыша тоже взяли тест на вирус. Было очень тяжело наблюдать своего ребенка из другой палаты, слышать как он плачет и не иметь возможности подойти и взять на ручки свое дитя. На следующий день после операции сняли рентген и КТ томографию.

Через 3 дня рентген показал что легкие чистые и врачи сказали, что скоро мне дадут ребенка и выпишут. Затем (нужно будет-ред.) сидеть на домашнем карантине.

Этим письмом хочу выразить благодарность врачам, всему мед.персоналу за то, что борются, помогают людям победить эту болезнь, рискуя своим здоровьем, своей жизнью, здоровьем своих родных и близких которые ждут их дома.

Источник: <https://www.instagram.com/p/CC5pNZzpfel/?igshid=azjwada5s76x>  
Фото: выбор редакции



# ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ – ОБЯЗАННОСТЬ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Если говорить более простым языком коррупция — это использование служебного положения в личных целях. Одним из проявлений коррупции является ВЗЯТКА. Взятка – это получение должностным лицом от другого лица денег или иных благ, за которые им будут оказаны какие-либо услуги, связанные с должностью, которую он занимает. При этом указанные деньги и блага не всегда получает лично взяточник, зачастую они могут быть предоставлены близким ему людям или подставным организациям. Актуальность борьбы с этим социально опасным явлением обусловлена рядом обстоятельств:

- коррупция ведет к серьезным нарушениям конституционных прав и свобод граждан;
- огромный материальный и моральный ущерб, причиняемый этим деянием;
- коррупция имеет не только скрытый, но

и согласительный характер совершения, она, как правило, не влечет за собой жалоб, так как виновные стороны;

В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика



- получают взаимную выгоду от незаконной сделки;
- коррупция серьезно дискредитирует государственный аппарат, подрывает его авторитет.

наборов методов по борьбе с коррупцией принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особен-

ностей и уровня правовой культуры и многих других факторов.

Борьба с коррупцией осуществляется на основе:

- равенства всех перед законом и судом;
- обеспечения личной безопасности и поощрения граждан, оказывающих содействие в борьбе с коррупционными правонарушениями;
- защиты государством прав и законных интересов лиц уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц, приравненных к ним, установления этим лицам заработной платы (денежного содержания) и льгот, обеспечивающих указанным лицам и их семьям достойный уровень жизни;
- недопустимости делегирования полномочий на государственное регулирование предпринимательской деятельности физическим и юридическим лицам, осуществляющим такую деятельность, а также на контроль и надзор за нею,

Исходя из всего вышеперечисленного можно смело сказать – борьба с коррупцией это наше общее дело, а процветание нашей страны зависит от каждого из нас.

**К.Р. КАДИРОВА,**  
руководитель ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ РК»

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Приозерск қаласының Орталық қалалық ауруханасы "КМК Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-п.53-п. және 55-П. бұйрығымен бекітілген нұсқаулыққа сәйкес" Приозерск қаласының орталық ауруханасы "КМК қоғамдық пікірді есепке алуды" Приозерск қаласының орталық ауруханасы аумағындағы жұқпалы аурулар бөліміне қайта жабдықтаумен кір жуатын орынды күрделі жөндеу" жобасы бойынша жұртшылықтың жазбаша ұсыныстары мен ескертулерін жинау арқылы жүргізетіні туралы хабарлайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинау Приозерск қаласы, Транспортная көшесі 19 мекен-жайы бойынша қабылданады. тел: 87781090625.

"Приозерск қаласының орталық ауруханасы" КМК

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГП «Центральная горбольница города Приозерск» уведомляет жителей города о том, что согласно Инструкции, утвержденной Приказом МООС РК от 28.06.2007 года №204-п.п.53 и п.55, КГП «Центральная больница г.Приозерск» проводит учет общественного мнения, путем сбора письменных предложений и замечаний общественности по проекту «Капитальный ремонт существующего здания прачечной, с переоборудованием в инфекционное отделение на территории Центральной больницы г.Приозерск».

Сбор письменных предложений и замечаний принимаются по адресу: г.Приозерск, ул.Транспортная 19. тел: 87781090625.

КГП «Центральная больница г.Приозерск»

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

## ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 \*\*\*

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77. Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. \*\*\*

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.



Жұмыспен қамту жол картасы -2020

## ҚАЛАМЫЗ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Приозерск қаласында «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында, Ағыбай батыр көшесі 8, Достық көшесі 21 және Достық көшесі 16/2 тұрғын үйлерінің қасбеттерін жылу панелдерімен

серіктестік жоспарға сәйкес сапалы жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, осы бағдарлама аясында, қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген



қаптау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібі арқылы жүргізілген конкурстың қорытындысы бойынша «Жайлау-2008» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Аталмыш

7 азамат жұмысқа тартылып, ай сайын жалақы төленуде.

«Приозерск қаласының ТКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ

Реакция на событие

## СК FREEDOM FINANCE INSURANCE ЗАПУСТИЛА ПРОЕКТ ПО ТРУДОУСТРОЙСТВУ ГРАЖДАН

В следствии карантинных мер из-за пандемии Covid-19 многие казахстанцы остались без постоянного заработка. В мае Министр труда и социальной защиты сообщил о 170 тыс. зарегистрированных безработных граждан.

С целью помочь людям, оказавшимся в сложном эпидемиологическом и экономическом положении, в мае 2020 года страховая компания Freedom Finance Insurance создала проект Distant Telesales. С

его помощью у казахстанцев появилась возможность зарабатывать без привязки к офисному месту и не подвергать опасности пандемии себя и близких.

За два месяца существования проекта Компания заключила более 30 контрактов с кандидатами, и планирует дальнейшее трудоустройство на удаленке - до 200 сотрудников.

Источник: <https://www.zakon.kz>

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**  
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:  
ул.Космонавтов, 5-107  
Время работы:  
с 10.00 час. до 19.00час.  
Выходной - Понедельник  
\*\*\*\*

Запись по телефону:  
мастера-парикмахеры:  
8-775-274-25-87 (Анталый),  
8-747-970-25-81 (Карлығаш)

Парикмахерская  
*Милолика*

Ваша красота -  
Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ**  
**МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)**  
**ПЕДИКЮР**

### ПРОДАЮ ДОМ

Цена— 9 000 000 тенге. Возможен торг.

г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.

Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Галимова Ескери Альваровича, умершего 29 июня 2019 года, Имеющимся наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

## В КАЗАХСТАНЕ ЗАПРЕТИЛИ АНОНИМНЫЕ ДЕНЕЖНЫЕ ПЕРЕВОДЫ

Соответствующий закон вступил в силу 17 июля 2020 года.

Меры по совершенствованию регулирования платежных систем и по повышению прозрачности операций субъектов предпринимательства закреплены законодательно. 17 июля 2020 года вступит в силу Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ипотечных займов в иностранной валюте, совершенствования регулирования субъектов рынка платежных услуг, всеобщего декларирования и восстановления экономического роста». Об этом сообщает пресс-служба Национального банка.

Документ включает нормы, направленные на совершенствование регулирования деятельности небанковских финансовых организаций для снижения рисков отмывания денег, вывода капитала из страны и противодействия теневой экономике.

Закон закрепляет полномочия Нацбанка в части совершенствования регулирования деятельности платежных организаций, платежных систем и предотвращения использования сервисов небанковских платежных организаций для незаконных операций. В частности:

-вводится запрет на переводы между неидентифицированными пользователями электронных кошельков;

-устанавливаются различные лимиты



на операции с электронными деньгами;

-устанавливаются обязанности для операторов платежных систем с целью противодействия незаконным операциям;

-предоставляется возможность индивидуальным предпринимателям и юридическим лицам использовать электронные кошельки для обслуживания своих платежных операций.

Закон также закрепляет полномочия Национального банка по регулированию предельных размеров снятия наличных денег с банковских счетов субъектами предпринимательства и порядка снятия наличных денег сверх установленных предельных размеров. Эти меры должны помочь сократить размер теневой экономики и повысить прозрачность операций, проводимых субъектами бизнеса.

Источник: <https://kapital.kz/finance>

## ЗА ПОГРОМЫ В США МОЖЕТ ЗАПЛАТИТЬ КАЗАХСТАНСКАЯ СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

Волна протестов, сопровождающаяся гражданскими беспорядками и столкновениями с полицией в 24 штатах из-за смерти афроамериканца Джорджа Флойда в Миннеаполисе, нашла свое отражение не только во многих европейских городах, но и в Казахстане, где были перестрахованы риски одной из крупнейших американских розничных корпораций – Target Corporation.

Всего от мародерства пострадали 149 магазинов в 24 штатах. В настоящее время лосс-аджастеры работают над определением размера нанесенного ущерба, который, по предварительным данным, может составить 50-100 млн долларов (20,7-41,5 млрд тенге).

«Несмотря на мирный посыл лозунга Black Lives Matter, с которым выступали протестующие в защиту прав чернокожих, факт остается фактом: множество магазинов пострадало от рук вандалов и

мародеров, за что и придется платить страховщикам. И сделать это необходимо как можно скорее, чтобы уже к концу 2020 года магазины могли вновь открыть свои двери для посетителей», – рассказал исполнительный директор АО «СК «Евразия» Шакир Иминов.

Target Corporation – восьмой по величине ретейлер в Соединенных Штатах и является компонентом индекса S&P 500. Сеть магазинов состоит почти из 1900 магазинов во всех 50 штатах США, где работает более 360 тыс. сотрудников. К продаваемой продукции относятся товары для красоты и здоровья, постельные принадлежности, одежда и аксессуары, электроника, продукты питания, мебель, ювелирные изделия, товары для ухода за газоном и садом, зоотовары, обувь, мелкая бытовая техника и игрушки.

Источник: <https://kapital.kz/finance>

### Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш бутик «Золушка», расположенный на центральном городском рынке.

Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации «Сибирское здоровье».

Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник».

Контактный телефон: 8-777-103-8589  
Инстаграмм: zolushka\_kor

**Zolushka**  
№1 бутик  
Чистящие и моющие средства

Корейская продукция

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 30/674. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041